

Мәслихаттың 2016 жылғы 11 тамыздағы № 51 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 70 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 6754 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 511 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 13.04.2020 № 511 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 11 тамыздағы № 51 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6610 тіркелген , 2016 жылғы 15 қыркүйекте "Арна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің 2-тармағының 10) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"10) халықты жұмыспен қамту орталығы - ауданның жергілікті атқарушы органы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында құратын мемлекеттік мекеме";

7-тармақ 1-1) тармақшасымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"1-1) білім беру гранттарының иегерлері, техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі және жоғары білім алуға, сондай-ақ, екінші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төлемдердің өзге де түрлерін алушылары болып табылатын мүгедектерді қоспағанда Қостанай ауданының аумағында тұратын және Қазақстан Республикасының оқу орындарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға тиісті білім беру ұйымдарында оқытудың нақты құнының төлемімен 100 пайыз мөлшерінде, бірақ жылына 200 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 қаңтардағы туындаған қатынастарға таратылады.

*Қостанай аудандық мәслихатының
кезектен тыс сессиясының төрағасы
Қостанай аудандық
мәслихатының хатшысы*

В. Проценко

Б. Копжасаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ В. Панин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика
және қаржы бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ З. Кенжегарина